

Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) арнайы мемлекеттік мұрағатын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 5 тамыздағы N 1417 Жарлығы "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңына сәйкес және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы) арнайы мемлекеттік мұрағаты құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті